

**Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау
жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК
№3 педагогикалық кеңестің
Х А Т Т А М А С Ы**

«09» қаңтар 2025 ж.

Көкшетау қаласы

Қатысқандар: колледж әкімшілігі, оқытушылар мен қызметкерлер құрамы

Қатыспағандар: 1 (Н.Ахат)

Себепті: 1 (денсаулық жағдайына байланысты)

Себепсіз: -

Күн тәртібінде:

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мазмұнын жаңа сапаға көтерудің нәтижелері;
2. Оқу-тәрбие процесін цифрландырудың тиімділігі мен жетілдіру жолдары;
3. «Білім» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестік жұмысының

есебі.

Тыңдалды:

№ 3 педагогикалық кеңесті колледж директорының оқу жұмысы бойынша орынбасары Д.Ілияс ашып, күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мазмұнын жаңа сапаға көтерудің нәтижелері бойынша директорының оқу жұмысы бойынша орынбасары Д.Ілияс сөйледі. Д.Ілияс колледждің оқу-тәрбие қызметінің негізгі мақсаты, колледждің миссиясы бойынша қысқаша ақпарат берді. Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылының I семестр қорытындысымен таныстырып, әр бөлімге жеке тоқталып, білім сапасының жоғарылауы мен төмендеуі бойынша статистикасын атап көрсетті. Ең жоғары білім сапасын ағылшын бөлімі – 95%, бастауыш мектеп бөлімі – 91%, мектепке дейінгі бөлімінің логопедия топтарының білім сапасы – 90%, ең төмен білім сапасы информатика бөлімінде – 78% екенін хабарлады. Жалпы білім сапасы – 88%, былтырғы оқу жылында I жартыжылдық көрсеткіші – 87%, яғни 1%-ға жоғарылағанын мәлімдеді.

Сондай-ақ, курстар бойынша білім сапасының салыстырмалы мониторингісімен таныстырып өтті: I курс үлгірім көрсеткіші – 100 %, білім сапасы – 82%; I курс қолданбалы бакалавр топтарының үлгірім көрсеткіші – 99 %, білім сапасы – 82%; II курс үлгірім көрсеткіші – 100%, білім сапасы – 92%; II курс қолданбалы бакалавр топтарының үлгірім көрсеткіші – 100 %, білім сапасы – 86%; III курс үлгірім көрсеткіші – 100%, білім сапасы – 91%; III курс қолданбалы бакалавр топтарының үлгірім көрсеткіші-100%, білім сапасы – 91%; IV курс үлгірім көрсеткіші – 100%, білім сапасы – 87%.

Жалпы курстар бойынша салыстырмалы сапа мониторингі: I курс – 83 пайыз, 2-курс – 89 пайыз, 3-курс – 90 пайыз, 4-курс – 88 пайыз көрсетіп отырғанын мәлімдеді. Қолданбалы бакалавр топтарының үлгірім көрсеткіші - 100%, білім сапасы-86% екенін атап өтті.

Сонымен қатар, сөз кезегінде Д.Ілияс мәселелері бар студенттерге тоқталатып, шығаруға екі студент ұсынылып отырғанын хабарлады, олар: Абикеева Дильназ Ерлановна, Л-21ҚБ тобының студенті және Нұрболат Бағұстар Дәулетұлы, И-32ҚБ тобының студенті.

Л-21ҚБ тобында оқитын Абикеева Дильназ Ерлановна себепсіз 156 сағат босатқанын және 14 пәннен үлгермеуші екендігі туралы мектепке дейінгі бөлімінің меңгерушісі Н.Мұқышева есеп берді. И-32ҚБ тобының Нұрболат Бағұстар Дәулетұлы себепсіз – 282 сағат босатқаны, 6 пәннен «қанағаттанарлықсыз» баға алғаны және 10 пәннен үлгермеуші (аттестатталмаған) туралы информатика бөлімінің меңгерушісі Еркебұлан Көлбайұлы ақпарат берді.

Сөз қорытындысында білім сапасын көтеру, оқу процесін жетілдіру мақсатында 2024-2025 оқу жылының 1 жартыжылдығында атқарылған бірқатар жұмыстарға тоқталып, Техникалық және кәсіптік білім саласында болып жатқан жаңашылдықтарды енгізуде ұжымға кәсіби білімділік, кәсібилікті танытуды ескертті.

Келесі сөз кезегі колледж директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары А.Заманбековаға берілді. А.Заманбекова 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ І ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕГІ «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ туралы есебін таныстарды. Сөз барысында студент-жастардың әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында колледждегі тәрбие жұмысы колледжіміздің 2024-2025 оқу жылына арналған кешенді жоспары негізінде және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығымен бекітілген, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылып келетінін баяндап өтті. Сондай-ақ, тәрбие блогының жылдық жоспары Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жабірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп жүргізілетінін де ескертті.

Кешенді жоспар бойынша оқу жылы басында колледжде білім алушы студенттердің әлеуметтік жағдайын (қала, ауыл, көп балалы отбасы, толық, толық емес отбасы, мүгедек, шетел азаматы т.б.) зерттеуге арналған әлеуметтік паспорт дайындау тәрбие бөлімі және колледждің әлеуметтік педагогінің назарында болғанын атап, колледждің әлеуметтік паспортына тоқталып өтті: Жалпы студенттер саны – 1092, оның ішінде 319 – ұл, 773 – қыз, қала студенттері – 275, қаладан тысқары жерден келгендер – 817, шет ел азаматтары – 19, толық емес отбасында тәрбиеленушілер – 227, Ата-ана қамқорынсыз қалғандар – 18, Өзге ұлт өкілдері – 11, Жатақханада тұратындар саны – 560 (№1 студенттер үйінде 216 қыз, 88 ер бала, №2 студенттер үйінде 198 қыз, 63 ер бала), Отбасын құрған студенттер – 17, Көпбалалы отбасыншыққан студенттер саны – 314, Аз қамтылған отбасынша шыққан студенттер саны – 70, Мүмкіндігі шектеулі студенттер саны – 6, Колледжілік бақылау есебінде тұрғандар саны – 2, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар студенттер жоқ екенін баяндады.

Сонымен қатар, колледж ұжымы 2024-2025 оқу жылының І жартыжылдығында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда мынадай бағыттарын басшылыққа ала отырып жұмыс атқарағанын мәлемдеді:

1. Қолайлы білім беру ортасын құру және оның білім алушының мінез-құлқына әсерін ескере отырып білім беру ортасын құру және қолдау яғни ынтымақтастық атмосферасын құру, адамгершілік, әлеуметтік және мәдени орта құру.

2. Білім беру ұйымының мәдениетін қалыптастыру және жүзеге асыру аясында негізгі құндылықтарды қолдайтын тұжырымдамалар әзірлеу және енгізу. Бұл бағытта биылғы оқу жылында колледжімізде «Толық адам» тұжырымдамасы әзірленіп, қолданысқа енгізілгенін атады. Тұжырымдама аясында «Абайтану» элективті курстары енгізіліп, «Ақ қауырсын» поэзия клубының ұйымдастыруымен «Абай оқулары» байқауы өткізілгені айтылды. Алдағы уақытта тұжырымдамаға сәйкес Абай әндерін насихаттау мақсатында «Көңілім әнді ұғады» тақырыбымен Абай әндерінен бөлімдер арасында байқау өткізу жоспарланып отырғанын ескертті.

3. Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Ынтымақтастықты қолдау» бағыты бойынша білім алушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету, ата-аналармен ынтымақтастыққа жағдай жасау және жергілікті қауымдастықтармен байланысты нығайту көзделгенін атап өтті. Аталмыш бағыт бойынша тәрбие блогы бойынша білім алушылардың арасында достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында кураторлық сағаттар, тәрбиелік іс-шаралар, спорттық іс-шаралар, үйірмелер жұмыстары, психологиялық апталық және тренингтер жүйелі түрде ұйымдастырылып отырғанын мәлімдеп, әрқайсысына жеке тоқталып өтті.

Келесі сөз кезегінде директордың практика жұмысы бойынша орынбасары Т.Жоламанова өндірістік және кәсіптік практика блогі бойынша І жартыжылдықта атқарылған жұмыстар жөнінде есебін таныстырды. Т.Жоламанова өндірістік және кәсіптік практика блогі алты бағытта жұмыс жасайтынын атап, әрқайсысына жеке тоқталды. Бірінші бағыт «Жұмысқа орналастыру және түлектермен байланыс орнату жұмыстары» бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде қысқаша мәлімет берді.

«Тәжірибе жинақтаушылары және практика әдіскерлермен атқаратын жұмыстары» бағыты бойынша бірінші жартыжылдықта 42 топ оқу практикасынан және кәсіптік практикадан өткені туралы айтты. Қыркүйек айында практика базасы ретінде 15 мектеп, 17 балабақша, 2 спорт мектебіне барып, білім мекемесінің басшылары мен практикаға жауапты орынбасарлармен, әдіскерлермен сұхбаттасып, өндірістік практика жайлы ақпарат алғанын баяндады. Сонымен қатар, қыркүйек-желтоқсан айларында мектептер мен балабақшалардағы кәсіптік практикалар бақылаудан өтіп, студент-практиканттардың сабақтарына қатысып, әдістемелік көмек көрсетілгенін ескертті.

Студент-практиканттардың сабақтарына қатысу барысында төмендегідей ұсыныстар жасады:

- колледж әдіскері студент-практиканттың әр сабағының қысқа мерзімді жоспарларын алдын-ала тексеріп, бекітіп беру;
- ақпараттық-коммуникациялық (компьютерлік) технологияларды көбірек қолдануға кеңес беру;
- сабақ барысында қолданатын көрнекіліктердің сапасына көңіл бөліп, эстетикалық тұрғыдан қатаң қарау;
- студенттердің киім-киісіне, шаш үлгісіне, бейдж тағуына, сөйлеу мәнеріне қатаң көңіл бөлу.

Оқу практикасының сапасын арттыру мақсатында әкімшілік тарапынан 27 сабаққа қатыстықаны туралы айтты. Оқу практикасы білім беру бағдарламасы мен жоспарына сай жүргізіліп, оқытушылар сабаққа дайындықпен келіп, студенттерді кәсіптік практикаға даярлау мақсатында инновациялық және компьютерлік технологияларды қолданғанын ескерді. Дегенмен, оқу практикасының сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін төмендегідей ұсыныстарды ұсынды:

- оқу практикасында теориялық тақырыптарға қарағанда практикалық сабақтарды көп өткізіп, практикаға даярлау;
- кәсіптік практикаға баратын уақытты ескере отырып, мектепке баратын тоқсанға сай сабақ жоспарларын әзірлеуге көңіл бөлу;
- практикаға баратын мерзімді (оқу тоқсанын) ескере отырып, тапсырмалар топтамасын, заманауи көрнекіліктер топтамасын әзірлеу.

Байқау практикаларынан кейін міндетті түрде қорытынды конференциялары өтетінін атап, кейбіреулеріне жеке тоқталды. Қорытынды конференцияда студенттер сабақтардан үзінділер көрсетіп, портфолио қорғап, жеткен жетістіктерімен бөлісетінін атады. Ағылшын бөлімінің 21-тобының 1-топшасы Абай атындағы дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатынан «Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру» атты кәсіптік практикадан өту барысында жоғары көрсеткіш көрсеткендері үшін 12 студент АЛҒЫС ХАТІПЕН марапатталғанын баяндады.

«WorldSkills: білік, дағды, нәтиже» тақырыбында IV курс студенттері арасында бейнесабақтар байқауы ұйымдастырылғаны туралы сөз қозғап, жеңімпаздарды атап өтті:

Бас жүлде – филология бөлімнің студенті Тұрқай Кенжегүл; I орын – ағылшын бөлімнің студенті Асан Ермек; II орын – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімнің студенті Бақытжан Ділназ; III орын – дене мәдениеті бөлімнің студенті Абилясымов Али иеленді.

«Әлеуметтік серіктестікпен атқаратын жұмыстар» бағыты бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған кешенді білім беру бағдарламасына сәйкес, «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» тақырыбында онлайн форматта семинар-диалог, Кешенді білім беру бағдарламасына сай, «Тәжірибелі әдіскер мектебі» жұмысы аясында «Білім беру процесін цифрландырудағы жаңа бастамалар» тақырыбында Әл Фараби атындағы IT лицейінің информатика пәні мұғалімдері мен колледж әдіскерлерінің шеберлік сағаты, 2024 жылы желтоқсанның 19 жұлдызында «Шеберлік шыңы» тақырыбында С.Жүнісов атындағы мектеп-лицеймен бірлескен шеберлік сыныбы өткені туралы ақпарат берді.

«WorldSkills чемпионаты бойынша жұмыстары» бағыты бойынша кіші сыныптарда білім беру және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту құзыреттіліктері бойынша колледжішілік WorldSkills чемпионатын өткізілгені туралы мәлімет берді. Колледжішілік чемпионатқа Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту құзыреттілігі бойынша 6 студент қатысып, нәтижесі бойынша МД-41 тобының студенті Сәлімкерей Ақгүлім Айбекқызы жеңімпаз атанып, аймақтық чемпионатқа жолдама алғанын атады.

Колледжішілік чемпионатқа кіші сыныптарда білім беру құзыреттілігі бойынша 6 студент қатысып, нәтижесінде БМ-31 тобының студенті Сәбит Жұлдыз Нұралықызы жеңімпаз атанып, аймақтық чемпионатқа жолдама алғанын атады. Екі құзыреттілік бойынша да дайындық жұмыстары жүргізілуде екенін ескертті.

«Табысты түлектермен атқарылатын жұмыстар» бағыты бойынша «Табысты түлек – 2024» жобасы аясында 2024 жылы желтоқсанның 12 жұлдызында колледж түлегі, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қызылагаш ауылы, Абылайхан мектебінің информатика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы, әлемдік чемпионат жеңімпаздарын даярлаған құзыретті маман Әбілжанов Нұржан Ғалиұлымен кездесу және тікелей эфирде асинхронды сұхбат (подкаст) өткізілгені туралы ақпарат берді. Колледж түлектерінің мансаптық өсу көрсеткішін жаңарту мақсатында түлектермен байланыс орнатылып, ақпараттар жинақталып, мониторинг жасалғанын мәлімдеді. Атап айтқанда, аудандық білім бөлімінің басшысы – 1; мектеп директоры – 20; балабақша меңгерушілері – 6; директордың орынбасарлары – 33; білім бөлімінің әдіскерлері – 11, 34 түлек өз кәсібін ашып, ел экономикасын дамытуда екенін хабарлады.

«Кәсіби бағдар жүргізу жұмыстары» бағыты бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстары туралы қысқаша мәлімет берді. 2024 жылдың 25 қыркүйегінде информатика пәнінің оқытушылары: Досай Жұмаханұлы мен Тұрар Сағатұлы Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Красный Яр ауылының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі барып, кәсіби бағдар жұмысын жүргізгені; 13 қараша күні «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бөлімінің оқытушысы Әмірова Сағира Абзалқызы мен «Информатика» бөлімінің меңгерушісі Ғалымжан Еркебұлан Көлбайұлы, информатика пәнінің оқытушысы Жәнібеков Маралбек Батырбекұлы Көкшетау қаласының М.Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназиясы оқушыларының ата-аналарымен кездесіп, 7 мамандық, 14 біліктілік бойынша ақпарат бергені, 2024 жылдың 26, 27 қараша күндері Көкшетау қаласындағы №2 мектеп-лицейінің 9-сынып оқушыларымен колледжде кездесулер ұйымдастырылып, кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілгеніне тоқталып өтті.

11 желтоқсан күні «Музыка» бөлімінің меңгерушісі Гауһар Әділбекқызы мен колледж оқытушылары Әміржанова Гүлмира Қайыржанқызы, Таткенова Сәуле Қайратқызы, Бегежан Ұлархан Нұрлыбекұлы, Дүйсенбина Гүлдерай Әмірбекқызы кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес Көкшетау қаласының №11 мектеп-гимназиясына барып қайтты. Аталмыш оқу орынының 9, 11-сынып оқушыларына колледждің барлық мамандықтары туралы маңызды ақпараттар берді. Білім алушыларға

тақырыпқа сәйкес бейнеролик көрсетіліп, талапкерлерге арналған арнайы парақтар таратқаны туралы ақпарат берді.

Сөз қорытындысында, өндірістік және кәсіптік практика блогі бойынша бірінші жартыжылдықта біршама сапалы жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Келесі сөз кезегі директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Батанасова Бақытгүл Ергалиқызына берілді. Б.Батанасова колледждегі ғылыми-әдістемелік және инновациялық жұмысты ұйымдастыру бойынша анализ-жоспарының мақсатымен таныстырып, оны жүзеге асыруда бірнеше бағыттарға тоқталып, толық ақпарат берді. Атап айтқанда, педагогтің қабілет-қарымына байланысты конкурстарға қатысуы; біліктілікті жетілдіру курстары; жас мамандарға арналған тәлімгерлік жобалар; студенттер жетістігі; түрлі деңгейдегі конференциялар мен семинарлар. 2024 жылғы 29 қазан күні техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы спорт саласы бойынша кәсіби шеберлік конкурсының колледжішілік іріктеу сайысы өткенін атап, байқау нәтижесінде Бас жүлде Садвакасов Айбек Серікұлы алғанын айтты. 2024 жылдың 5 желтоқсан күні техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы педагогикалық сала бойынша колледжішілік «Кәсіби шеберлік-2024» байқауы өткендігін атап, байқау қорытындысына сәйкес арнайы пәндер бойынша I орынды «Музыка» кафедрасының арнайы пәндер оқытушысы Заманбекова Әлия Заманбекқызы, жалпы пәндер бойынша I орынды «Әлеуметтік-жаратылыстану пәндері» кафедрасының жалпы пәндер оқытушысы Сарша Жанар Саршакызы иеленгенін атады. Сондай-ақ, оқытушылардың облыстық, республикалық және халықаралық байқаулар мен конференцияларға қатысуы туралы және студенттердің жетістіктеріне жеке тоқталып шықты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз кезегі колледж әдіскерлері М.Сатиева мен А.Меңдібаеваға берілді. М.Сатиева оқу процесін цифрландырудың негізгі бағыттарын таныстырып, атқарылған жұмыстар бойынша жеке тоқталды. Мәселен, 2024 жылдың 5 қыркүйегінде «College.snation.kz» электронды журналына тіркелу, жұмыс жасау» атты семинар ұйымдастырылғаны, 26 қарашада «Білім берудегі геймификация», 11 желтоқсанда «Ұстаз» платформасына жүктелетін құжаттарды жүйелеу бойынша нұсқаулық беру» тақырыбында семинар-практикум өткенін баяндады. Оқу процесін цифрландыруда «College.snation.kz» электронды журналы мен «College Tables» сабақ кестесін құру қосымшасы тиімді қолданылатынына тоқталды. Сондай-ақ, колледж педагогтерінің шығармашылық әлеуетін жетілдіруде «Оқытушының мультимедиялық технологиялар кейсі» анықталып, 60 түрлі мультимедиялық платформалар мен сайттарда жұмыс жасайтыны туралы есеп берді. Оқытушылардың әдістемелік қызметін жобалаудың апгрейді бойынша тоқатылып, Teachcollege.kz сайтына 81 оқытушының ОӘК жүктелгені, әлеуметтік желілері мен YouTube каналын ашу және жүргізу жұмыстары туралы айтты. Сапа менеджмент жүйесінің «Мониторинг, талдау және қанағаттануды бағалау» 02-процессіндегі барлық сауалнамалар drive.google.com сайты арқылы цифрландырылатынын атады. Сондай-ақ, «College Smart Nation» платформасы келесі жылдары «Ұстаз» платформасымен интеграцияланатындықтан, платформа жұмысын одан әрі жетілдіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі; «College Tables» сабақ кестесін құрастыру бағдарламасында жеке пайдаланушы үшін ұялы телефон қосымшасын жасау, жетілдіру; Әр оқытушының «YouTube» каналын ашу және оны жүйелі жүргізу сияқты ұсымындарды атап өтті.

А.Меңдібаева «Тәрбие және өндірістік оқыту процесін цифрландырудың тиімділігі мен жетілдіру жолдары» тақырыбында қысқаша ақпарат берді. Атап айтқанда, кәсіптік практика соңынан студент-практикант өткізетін портфолиоларын талаптарын түсіндіріп, цифрлық форматқа ауыстыру қажеттігін ескертті. Сонымен қатар, табысты түлек орталығының жұмысын жандандыру және үйірме жұмыстарын цифрландыру бойынша сөз қозғады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша А.Смаилова «Білім» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің I жартыжылдық есебі бойынша ақпарат берді. «Білім» бейіні бойынша республикадағы педагогикалық және гуманитардық колледждердің жалпы білім беру (қазақ тілі, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, орыс тілі және тарих) пәндерінен, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша мектепке дейінгі педагогика пәнінен (орыс тілінде) «Ұлттық тестілеу орталығы» тапсырмасы бойынша тест қорын толықтыру және сараптамалық жұмыстарына қатысатын оқытушылар анықталып, осы жұмысты орындайтын 44 әзірлеуші мен 16 сарапшы тізімі Ұлттық тестілеу орталығына ұсынылғанын мәлімдеді. Сонымен қатар, «Талап» KEAҚ тапсырысы бойынша автоматтандырылған жүйе реестрге тіркелген 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 01130100 «Логопедия» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында «Педагог» кәсіби стандартының қолданылуы туралы ақпарат берді. Оқу-ағарту министрлігінің жанындағы Техникалық және кәсіптік білім департаментіне «Логопедия» мамандығын ашқан колледждердің Педагогтеріне аттестаттаудан өтуге мүмкіндік жасау мақсатында Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен пәндері тізіміне «Логопедия» мамандығын енгізуге сұраныс хат жіберілгенін айтты. ҚР СТ ISO 9001-2016 талаптарына сәйкес колледжді ресертификациялау барысында талапқа сәйкес құжаттар реттеліп, жыл ішінде атқарылған жұмыстар бойынша SWOT-талдамасы жасалғанын айтты.

Педагогикалық кеңес соңында директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары Д.Ілияс қаулы оқыды.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылының 1 жартыжылдығында бірнеше пәндерден үлгермеген, сабақты себепсіз босатқан студенттер колледждің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес оқудан шығарылсын:

1. Абикеева Дильназ- Л-21ҚБ
2. Нұрболат Бағұстар- И-32ҚБ

Жауапты: Д.Ілияс, оқу бөлімі

2. Пән оқытушылары студенттердің білімін бағалау барысында білім алушыларды бағалау критерийлерімен алдын-ала таныстырсын. Әр пән бойынша практикалық тапсырмаларды бағалау критерийлері сабақ жоспарының мазмұнына енгізілсін.

Жауапты: Д.Ілияс, Б.Батанасова, Г.Балдыкова, колледж әдіскері, пән оқытушылары

3. «Біртұтас» тәрбие бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Жауапты: Ә.Заманбекова
Топ жетекшілері

4. «Толық адам» тұжырымдамасы аясында өткізілетін шаралар қала, облыс көлемінде насихатталсын

Жауапты: Ә.Заманбекова
Топ жетекшілері

5. Үйірме жұмыстарына қатысушы студенттердің пайыздық санын 75-80% пайызға жеткізілуі, үйірме жетекшілеріне топ жетекшілеріне міндеттелсін.

Жауапты: Ә.Заманбекова
Топ жетекшілері

6. Оқу-тәрбие процесінде студенттердің педагогикалық мамандыққа сәйкес іскерлік киім үлгісін сақтауын қадағалау топ жетекшілерге жүктелсін.

Жауапты: Ө.Заманбекова,
бөлім меңгерушілері,
топ жетекшілері

7. Оқу практикасы мен кәсіптік практикасының сапасын арттыру жолдарын қарастырып, сапаны қамтамасыз ету жұмыстары дұрыс жолға қойылсын

Жауапты
Т. Жоламанова
А. Мендыбаева
Әдіскерлер

8. Колледж түлектерінің жоғары оқу орындарына түсуі мен мамандығы бойынша жұмысқа тұруы қадағаланып, нәтижеге бағытталған сапаландыру жұмыстары жүргізілсін

Жауапты
Т. Жоламанова
А. Мендыбаева
Топ жетекшілері

9. Мемлекеттік тапсырысты 100 %-ға орындау үшін кәсіби бағдар беру жұмыстары жандандырылып, дұрыс жолға қойылсын

Жауапты
Т. Жоламанова
А. Мендыбаева
Бөлім меңгерушілері

10. Колледж түлектерімен байланысты нығайту, ынтымақтастық қарым-қатынасты жақсарту бағытында цифрлық контенттердің саны арттырылып, сапалы жұмыстар жүргізілсін

Жауапты
Т. Жоламанова
А. Мендыбаева
Бөлім меңгерушілері

11. Ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жандандырып, сапаны қамтамасыз ету бойынша жас оқытушыларға әдістемелік көмек берілсін

Жауапты: Б.Батанасова, М.Сатиева,
кафедра жетекшілері

12. Оқытушылардың біліктіліктерін арттыру жұмысын жетілдіру үшін қажетті курстарға жіберілсін.

Жауапты: Б.Батанасова, М.Сатиева,
аттестатталушы оқытушылар

13. Қазақстан Республикасының №83 бұйрығына сәйкес аттестаттаудан өтетін әр оқытушы «Ұстаз» платформасына құжаттарын жинақтап, уақытында жүктеу педагогтің өз құзырына алынсын, педагог қызметкерлердің біліктілік санатын алуға дайындығы сапалы жүргізілсін.

Жауапты: Б.Батанасова, М.Сатиева

аттестатталушы оқытушылар

14. Әр оқытушы білім беруде мультимедиялық технологияларды қолданудың ғылыми-әдістемелік негізін игеріп, сабақта үнемі қолдануды дағдыға айналдырсын.

Жауапты: Колледж әкімшілігі,
колледж оқытушылары


15. Кафедра оқытушылары өз пәні/модулі бойынша цифрлық оқу-әдістемелік ресурстарының мазмұнын сапаландырсын.

Жауапты: Б.Батанасова, М.Сатиева

16. Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік жұмысын жан-жақты ұйымдастырып, республикалық деңгейде әдістемелік көмек көрсету жұмысы жалғастырылсын. «Логопедия негіздері» пәнінен тест спецификациясын әзірлеу мақсатында Логопедия мамандығын ашқан оқу орындарының оқытушыларынан жұмыс тобы құрылсын.


Жауапты: А.Смаилова

Колледж директорының оқу
жұмысы бойынша орынбасары


(қолы)

Илияс Данагүл Нұртайқызы

Хатшы


(қолы)

Сапабекова Диана Оралқызы